

Мұратханова М.Б., Төлесбай Ж.С.

ҚР-дағы кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылық мәселелері

(Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

Бұл мақалада автор кәмелетке толмағандардың қылмыстық іс-әрекеттеріне толық сипаттама бере отырып, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың сатылары, оларға қолданылатын жаза түрлері, оның мерзімі және мемлекетпен жүргізіліп жатқан шаралар қарастырылған. Мақаланың қорытынды бөлімінде автор ұсыныс ретінде кәмелетке толмағандарға арналған Заңдарды, Конвенцияларды, сонымен қатар Кодекстерде көзделген кәмелетке толмағандарға арналған бөлімдерін қоса отырып, кәмелетке толмағандарға арналған жаңа заң шығаруын ұсынады.

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандар, қылмыстық жауаптылық, девиантты мінез-құлық, медициналық мәжбүрлеу шаралары, түзеу жұмыстары, пробацациялық бақылау, шартты түрде соттау.

Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар көптеп белең алуда және оған ықпал ететін себептер де сан алуан. Осы жағдайдың алдын алу мақсатында елімізде көптеген саясаттар жүргізіліп жатыр. 2004 жылы 9 шілдеде “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Заңы қабылданды. Осы заңның 3-бабында белгіленгендей, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат құқықтық саясаттың бір бөлігі болып табылады және ол кәмелетке толмағандар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жасау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасының жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрлармен қамтамасыз етуді қамтиды. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалау-сыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат:

1) заңдылық; 2) кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау; 3) отбасын қолдау; 4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік; 5) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу; 6) құпиялылық; 7) ғылыми негізділік; 8) жүйелілік принциптері бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты:

1) балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және имандылық дамуына, оларды патриоттыққа, азаматтыққа және бейбітшілік сүйгіштікке тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың қоғам мүдделерімен, мемлекет халықтарының дәстүрлерімен, ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен ұштасқан жеке басын тәрбиелеуге ықпал ету;

2) девиантты мінез-құлықты балаларды әлеуметтік оңалту және кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты жұмысты қамтамасыз ету;

3) кәмелетке толмағандармен жеке профилактикасы шаралары жүргізу үшін құқықтық негіздерді қалыптастыру;

4) кәмелетке толмаған баланың ата-анасымен және басқа да заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау;

5) балаларды оқыту, тәрбиелеу, емдеу, спорт және өзге де мекемелерінің тиісті дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу болып табылады.[1]

ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 80-бабының 1-бөлігіне сәйкес, “Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезге қарай жасы 14-ке толған, бірақ 18-ге толмаған адамдар танылады”.

Қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы жеке дараланып, арнаулы бөлімде көрсетілген. Бұл мемлекеттің әділеттілік

және ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандардың жас жағынан және ақыл-ойы жөнінен толық жетілмегендігін ескере отырып, оларды арнаулы қамқорлыққа алуының көрінісі болып табылады. Осыған орай қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға ересектермен бірдей талап қоймайды. Кәмелетке толмағандардың психологиясын ескере отырып, оған қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазаның мақсаттарына жетудің бірден-бір оңтайлы жолы болып табылады. Сондықтан да кәмелетке толмағандарға қылмыстық заң жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануды белгілеген.[2]

Қылмыстық жауапкершілікке тартылу жас шамасының ең төменгі шегі әр алуан және тарихи-мәдени ерекшеліктерге байланысты анықталады. Жаңа тәсіл бойынша, баланың қылмыстық жауапкершілікке байланысты, ағлақтық және психологиялық ауыртпашылықты көтеру мүмкіншілігін анықтауды қажет етеді, яғни баланың жеке ерекшеліктері және оның ұғымы мен қоғамға қарсы әрекетінің жауапкершілігін түсінуіне қарай оны жауапкершілікке тарту мүмкіншілігін анықтаумен байланысты болады. Егер қылмыстық жауапкершілікке тартылу бойынша жас шектеулері тым аз белгіленсе немесе тіпті белгіленбесе, онда жауапкершілік түсінігі өз мәнін жоғалтады.[3]

38 жыл бойы Қазақстан аумағында қолданылып келе жатқан Ресейдің 1926 жылғы Қылмыстық кодексінің 12-бабында былай делінген: “Соттық-түзеу сипатындағы әлеуметтік қорғау шаралары он төрт жасқа дейінгі жас балаларға қолданылмайды, оларға қатысты тек медициналық сипаттағы әлеуметтік шаралар ғана қолданылады”.

Он төрт жас пен он алты жас аралығындағы балаларға соттық-түзеу сипатындағы әлеуметтік қорғау шаралары, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия оларға медициналық-педагогикалық сипаттағы әлеуметтік қорғау шараларын қолдану мүмкін емес деп таныған жағдайда ғана қолданылады”.[4]

Бірақ КСРО-ның ОАК мен ХКК-сінің 1935 жылғы 7 сәуірдегі “Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерлікпен күресу шаралары туралы” қаулысында ұрлық жасаған, зорлық-зомбылық жасаған, денсаулыққа жарақат салған, адам өлтірген және адам өлтіруге талшыныс жасаған кәмелетке толмағандар 12 жастан бастап қылмыстық жазаның барлық шаралары қолданылып, қылмыстық жауаптылыққа тартылады делінген.[5]

Қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодекс бойынша қылмыс жасағанға дейін 16 жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Сонымен қатар, істелген әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен мәнін кәмелетке толмаған ұғына алатын қылмыстарда жауапкершілік 14 жастан туындайды.

Ресейдің, Австрияның, Германияның, Жапонияның қылмыстық заңдарында да осылай көрсетілген. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Францияның Қылмыстық кодексінде - 13, Нидерландыда және Португалияда – 12, Жаңа Зеландияда – 10, Ирландия құқығында – 7 жас деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша 14-ке толмаған адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. 14-ке толмаған жасөспірімдер өзінің істеген іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін, мәнін жете түсінбейді және өзінің іс-әрекетін басқара алмайды.

Егер кәмелетке толмаған адам Қылмыстық кодексте көзделген жасқа толса, бірақ психологиясының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес. Кәмелетке толмаған адамның есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы оларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, бірақ бұл мән-жайды сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді және ол Қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз болады.

Қылмыс жасаған кезде 18-ге толған адам кәмелетке толмаған деген атаққа ие бола алмайды. Бірақ та Қылмыстық кодекстің 90-бабына сәйкес, 18 бен 21 жас аралығындағы

қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда ол адамдарға кәмелетке толмаған адамдарға арналған тәрбие немесе емдеу, тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға арналған бөлімнің ережелерін қолдана алады. Мұндай ретте қоғамға қауіпті істелген іс-әрекеттің мәні 18 бен 21 жас аралығындағы адамның жас мөлшеріне байланысты және психикалық жете дамымауынан болуы қажет.[6]

Қылмыстық кодекстің 81-бабында кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері көрсетілген:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспай-тын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онда ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Кәмелетке толмаған сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

- 1) бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар – жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;

- 2) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар – күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді.

Іс-әрекеттің сипатына және қоғамға қауіптілік дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және істің өзге де мән-жайларына қарай сот қабылданған шешімнің уәждерін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмаған сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін.[7]

1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияның 36-бабына сәйкес, осы ұйымға кіретін мемлекеттер:

- а) ешбір баланың азапталмауын, немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленбеуін немесе жазаланбауын; 18 жасқа толмаған

қылмыс жасаған адамдарға өлім жазасы да, түрмеге өмірлік қамауға алу да, босату мүмкіндігін қарастырмайтын жазалар да тағайындалмауын қамтамасыз етеді;

ә) ешбір баланың бас бостандығынан заңсыз немесе еріксіз айырмауын қамтамасыз етеді. Қамауға алу, ұстау немесе түрмеге жабу заңға сәйкес жүргізіледі және соңғы шара ретінде ғана, неғұрлым тиісті қысқа мерзім ішінде қолданылуды қамтамасыз етеді;

б) бас бостандығынан айырылған әр бала өз жасындағылардан талап етулері ескеріле отырып, өз жеке басының ажырамас қадір-қасиеті ретінде адамгершілікті көзқарасты және құрметтеуді пайдаланады. Соның ішінде, бас бостандығынан айырылған бала ересектерден бөлек ұсталуға тиіс, алайда, ішінара оның ең қажетті мүддесі ескеріліп, септігін тигізер деген ниетпен ғана ересектермен бірге ұсталуы мүмкін, сондай-ақ ерекше жағдай туындамаса өз отбасымен хат жазысу және жүздесу арқылы байланыс орнатуға құқығын қамтамасыз етеді;

в) бас бостандығынан айырылған баланың еш кідіріссіз құқықтық және басқа да тиісті көмекке қол жеткізуге, сондай-ақ сот немесе басқа да құзыретті, тәуелсіз және әділетті органдар алдында өз бас бостандығынан айырылу заңдығына дауласуға құқығын және де олар осындай кез келген іс жүргізу әрекеттерге қатысты шешімін кейінге қалдырмай қабылдауларын талап ету құқығын қамтамасыз етеді.[8]

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату жалпы және арнаулы қылмыстық-құқықтық нормалар арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық кодекстің 83 – бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.[7]

Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы 2002 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №6 нормативтік қаулысында да осы мән-жайлар ескерілген.

Сот кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- 3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- 4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;
- 6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу;
- 7) пробациялық бақылау белгілеу.[7]

Кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар бірнеше мәжбүрлеу шарасы бір мезгілде тағайындалуы мүмкін.

Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның іс-әрекетімен келтірілген зиянды және құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады.

Қадағалауға беру ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал

ету және оның мінез-құлқын бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады.

Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайы және оның тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеуді көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін.

Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды сот қасақана ауырлығы орташа қылмыс немесе ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамға тағайындауы мүмкін. Аталған ұйымдарда болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер түзетуді қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі бұл шараны қолдануды қажет етпейді деген түйінге келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғаннан аспауы керек.

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 22 қазандағы “Пробация туралы” Заң жобасының 16-17-баптарында кәмелетке толмағандарға қатысты пробацияны жүзеге асыру ерекшеліктері көзделген.

Кәмелетке толмағандарға қатысты пробация бала мүдделерінің басымдығы қағидатын сақтау міндеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады және жасалған қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстық жауаптылыққа тарту фактісіне байланысты өмірлік қиын жағдайдағы баланы уақытша қорғауға, оған қайта әлеуметтік жағдай жасауға және отбасына, мемлекеттік білім беру мекемесіне және қоғамға қайта сіңісуіне бағытталған. Кәмелетке толмағандарға қатысты пробация:

- 1) жеке және жас ерекшеліктері;
- 2) қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен, бала құқықтарын қорғау қызметтерімен байланысты орнату және сақтау қажеттілігі;
- 3) кәмелетке толмағанның отбасына қайта сіңісуіне дейінгі және одан кейінгі жағдайға мониторингті жүзеге асыру мүмкіндігі;
- 4) кәмелетке толмағанға көмекке және оның қиын жағдайға түсу тәуекелін болдырмауға отбасы мен қоғамды тартуды;
- 5) бала мүдделерінің басымдығы қағидатын сақтау мақсатында кәмелетке толмағандарға қатысты пробация шараларын қолдану мәселелері жөніндегі азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл ескеріле отырып жүзеге асырылады.[9]

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімі қылмыстық теріс қылық жасаған кезде – ұзақтығы алты айға дейін, онша ауыр емес қылмыс жасаған кезде – алты айдан бір жылға дейін, ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – бір жылдан екі жылға дейін және ауыр қылмыс жасаған кезде екі жылдан үш жылға дейін белгіленеді.

Кәмелетке толмаған адам тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.[7]

Қылмыстық кодекстің 86-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін

бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталған адамдар, оларда жазаны өтеудің немесе орындаудың белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаған жағдайда:

- 1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде төрттен бірін;
- 2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде үштен бірін;
- 3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын;
- 4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен немесе орындағаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробацялық бақылау мерзімі ішінде абайсызда қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробацялық бақылау мерзімі ішінде қасақана ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жояды және жазаны үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындайды. [7]

Сонымен қатар Қылмыстық кодекстің 87-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамдарға, сот оларда жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаған кезде, жазаның қалған өтелмеген бөлігін:

- 1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде бестен бірін;
- 2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің төрттен бірін;
- 3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің үштен бірін;
- 4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін бас бостандығын шектеуге ауыстыруы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кәмелетке толмаған жаста қылмыстық топ құрамында қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға қолданылуы мүмкін. [7]

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босату кезінде қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімдері тең жартысына қысқартылады.

Он сегіз жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдар үшін сотталғандықты жою мерзімдері:

- 1) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін өтегеннен кейін - төрт айға;
- 2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін - бір жылға;
- 3) ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін - екі жылға;
- 4) аса ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін үш жылға тең болады. [7]

Еліміздің балалар құқығын қорғау, әрі қарай дамыту үшін және мемлекеттік құқықтық саясатының біртұтастығын қалыптастыру мақсатында Президент жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия өзінің 2004 жылғы баяндамасында Үкіметке ювеналдық юстиция жөніндегі

заң жобаларын дайындауды ұсынған. Сол ювеналдық юстицияға кіретін системалардың ішіне бала құқығымен айналысатын мемлекеттік құрылымдар мен ювеналдық соттар да көрсетілген.

2007 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің отырысында Қазақстанда ювеналды әділет жүйесін құру бойынша ұсынылған негізгі бастамалар толығымен қолдау тапты және мүдделі мемлекеттік органдарға мамаңдандырылған ювеналды әділет қызметінің моделін әзірлеуді аяқтауға ұсыным жасалды.

ҚР-сы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы жарлығымен бекітілген “ ҚР-ның 2010-2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясатының тұжырымдамасында” айтылғандай, ювеналдық соттар елде құрылып жатқан ювеналдық юстиция жүйесінің орталық буынына айналуы тиіс деп көрсетілген. Қазіргі уақытта еліміздің астанасы және Алматы қаласында, өзге де облыстарында ювеналдық соттар жұмыс атқаруда.[10]

2017 жылы 10 қазан күні ҚР-дағы Омбудсмен ЮНИСЕФ халықаралық кеңесшісімен Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін талқылады. Кездесу барысында Қазақстандағы балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және Омбудсмен мекемесінің осы бағыттағы қызметі мәселелері талқыланды. Жекелеген назар құқық қорғау қызметінде аса маңызды орын алатын отбасыдан тыс тұрып жатқан балалардың құқықтары мәселелеріне бөлінді. Балаларды отбасыға орналастырудың баламалы нысандарымен алмастыру арқылы интернат үлгідегі балалар мекемелерін жабу үрдісін қолдай отыра, Омбудсмен алға қойған мақсатты біртіндеп және жүйелі іске асыру қажеттілігін атап өтті.

Сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің үйлестіру рөлі жанындағы Азаптауды алдын алу бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің мандатын жоспардағыдай кеңейту шеңберінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын іске асырудың тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Халықаралық ұйымдармен, оның ішінде ЮНИСЕФ-пен кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу, олардың құқықтарының отбасыда, оқу мекемелері мен қала ортасында сақталуы, бала еңбегі мен қанаушылықты жою, олардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету саласында бірлесіп іске асырылған бірқатар жобалардың жоғары маңыздылығы атап өтілді.[11]

Жоғарыда көрсетілген жағдайларды ескере келе, ұсыныс ретінде кәмелетке толмағандарға арналған заңдарды, конвенцияларды, сонымен қатар кодекстерде көзделген кәмелетке толмағандарға арналған бөлімдерін қоса отырып, кәмелетке толмағандарға арналған жаңа заң шығаруын ұсынамын.

Әдебиеттер

1 2004 жылы 9 шілдеде қабылданған “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Заңы (3-бап)

2 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Оқулық. Жалпы бөлік. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 384 бет (291-бет)

3 БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері»)

4 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық кодексі (12-бап)

5 КСРО-ның ОАК мен ХКК-сінің 1935 жылғы 7 сәуірдегі “Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерлікпен күресу шаралары туралы” қаулысы

6 Ювенология: оқулық / жалпы редакциясын басқарған Н.Дулатбеков; авторлар ұжымы: О.В. Никифорова, Т.П. Смолькина, А.С. Смағұлова. – Астана: Фолиан, 2010. – 420 бет

7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

8 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенция (36-бап)

9 “Пробация туралы” ҚР Заңының жобасы туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 22 қазандағы №609 қаулысы (16-17-баптар)

10 Ювенология: оқулық / жалпы редакциясын басқарған Н.Дулатбеков; авторлар ұжымы: О.В. Никифорова, Т.П. Смолькина, А.С. Смағұлова. – Астана: Фолиан, 2010. – 420 бет
11 <http://ombudsman.kz/kz/children/news/3657.php>

References

- 1 2004 jili 9 shildede kabildangan “Kameletke tolmagandar arasindagi kykik byzyshiliktardin profilaktikasi men balalardin kadagalaysiz jane panasiz kalyinin aldin aly tyrali” Zani (3-bap)
- 2 Agibaev A.N. Kilmistik kykik: Okylik. Jalpi bolik. – Almati: Jeti Jargi, 2015. – 384 bet (291-bet)
- 3 BYY-nin Bas Assambleya Byrishtamasimen 1985 j. 10 jeltoksan aiinda kabildangan Birikken Ylttar Yiiminin Kameletke tolmagandarga sot toreligin orindayga katisti minimaldi standartti erejeler («Pekin erejeleri»)
- 4 1926 jilgi RKFSR Kilmistik kodeksi (12-bap)
- 5 KSRO-nin OAK men HKK-sinin 1935 jilgi 7 sayirdegi “Kameletke tolmagandar arasindagi kilmiskerlikpen kyresy sharalari tyrali” kaylisi
- 6 Uvenologiya: okylik / jalpi redakciyasın baskargan N.Dylatbekov; avtorlar yjimi: O.V. Niki-forova, T.P. Smolkina, A.S. Smagylova. – Astana: Folian, 2010. – 420 bet
- 7 Kazakstan Respyblikasinin Kilmistik kodeksi
- 8 1989 jilgi 20 karashada Birikken Ylttar Yiiminin Bas Assambleyasi kabildagan Bala kykiktari tyrali konvenciya (36-bap)
- 9 “Probaciya tyrali” KR Zaninin jobasi tyrali KR Ykimetinin 2016 jilgi 22 kazandagi №609 kaylisi (16-17-baptar)
- 10 Uvenologiya: okylik / jalpi redakciyasın baskargan N.Dylatbekov; avtorlar yjimi: O.V. Niki-forova, T.P. Smolkina, A.S. Smagylova. – Astana: Folian, 2010. – 420 bet
- 11 <http://ombudsman.kz/kz/children/news/3657.php>

Мұратханова М.Б., Төлесбай Ж.С.

Вопросы уголовной ответственности несовершеннолетних в Республике Казахстан

В этой статье автором рассматривается полное описание преступных действий несовершеннолетних, этапы преступлений, виды наказания, их срок и меры, применяемые государством. В заключении статьи автор рекомендует создать новый закон о несовершеннолетних, включая Законы, Конвенции и части, предусмотренные в Кодексе по делам несовершеннолетних.

Ключевые слова: несовершеннолетние, уголовная ответственность, девиантное поведение, принудительные меры медицинского характера, исправительные работы, пробационный контроль, условное осуждение.

Murathanova M.B., Tolesbai J.S.

Issues of criminal responsibility of minors in the Republic of Kazakhstan

In this article the author considers a full description of the criminal actions of minors, the stages of crimes, the types of punishment, their term and the measures taken by the state. In concluding the article, the author recommends the creation of a new law on minors, including Laws, Conventions and parts provided in the Code of minor's affairs.

Keywords: under-age, criminal amenability, deviant behavior, compulsory medical measures, correctional labour, probation control, conditional conviction.

Қабылданған күні 14.08.2017ж.